

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК АУДИТ: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Ақмарал Бақытқызы Сактағанова

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты;
Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: Aridnis@mail.ru*

Ерік Болатұлы Ахметов¹

*Заң ғылымдарының магистрі, Қазақстан Республикасы Заңнама
және құқықтық ақпарат Институтының конституциялық,
әкімшілік заңнама және мемлекеттік басқару бөлім басшысы;
Астана қ., Қазақстан Республикасы; e-mail: Ahmetov.er-0507@mail.ru*

Аннотация. Мақала бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы кәсіпорындардың әлеуметтік аудитінің өзекті тақырыбына арналған. Ғылыми мақалада әлеуметтік аудитті іске асырудың халықаралық тәжірибесі келтірілген, Қазақстан Республикасында әлеуметтік аудитті қалыптастырудың негізгі ережелері қарастырылған. Жүргізілген талдау негізінде кәсіпорындарда аудит жүргізудің маңыздылығы туралы қорытынды жасалады.

Мақалада негізгі принциптер мен тәжірибелерді бөліп көрсете отырып, әлеуметтік аудитті жүзеге асырудың халықаралық тәжірибесі қарастырылады. Атап айтқанда, әлеуметтік аудит стандарттары, әдістер мен құралдар, мүдделі тараптардың рөлі талданады. Әлеуметтік аудит бұл ұйымның, жобаның немесе Бағдарламаның әлеуметтік әсерін бағалау мен өлшеудің жүйелі процесі. Бұл іс-әрекеттің қоғамдық мүдделер мен үміттерге қаншалықты сәйкес келетінін объективті бағалауға, сондай-ақ жақсарту бағыттарын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында әлеуметтік аудит белсенді қалыптасу сатысында тұр, бұл корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің маңыздылығы мен бизнес-практикадағы ашықтықтың өсіп келе жатқандығын айғақтайды. Дамудың бастапқы кезеңіне қарамастан, ұйымдар қызметінің тиімділігі мен ашықтығын арттыруға бағытталған бірқатар маңызды бастамалар іске асырылды.

Сонымен қатар, әлеуметтік аудит - бұл бағалауды, есептілікті дайындауды және ұйымның жұмыс істеуі мен жұмыс стилін жақсарту шараларын енгізуді қамтитын кешенді процесс. Оның негізгі мақсаты - ұйымның жалпы қоғамға әсерін өлшеу, бұл оның корпоративтік әлеуметтік жауапкершілігінің дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

Мақала тұрақты дамуға ұмтылатын ұйымдар үшін әлеуметтік аудиттің құндылығын көрсетеді. Оны енгізу әлеуметтік жауапкершілік деңгейін арттыруға және қоғамға оң ықпал жасауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік аудит әлеуметтік және экологиялық аспектілермен байланысты кәсіпорын жұмысындағы проблемалық аймақтарды анықтауға көмектеседі. Бұл жағдайды жақсарту үшін тиімді шараларды әзірлеуге және ықтимал тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді.

Түйінді сөздер: әлеуметтік аудит, кәсіпорын, корпоративтік жауапкершілік, адами ресурстар, рәсімдер.

¹ Хат-хабарларға арналған автор

СОЦИАЛЬНЫЙ АУДИТ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Сактаганова Акмарал Бакытовна

*Докторант Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева;
г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: Aridnis@mail.ru*

Ахметов Ерик Булатович

*Магистр юридических наук, руководитель отдела Конституционного,
административного законодательства и государственного управления Института
законодательства и правовой информации Республики Казахстан;
г. Астана, Республика Казахстан; e-mail: Ahmetov.er-0507@mail.ru*

Аннотация. Приведен международный опыт реализации социального аудита, рассматриваются основные положения формирования социального аудита в Республике Казахстан. На основе проведенного анализа делаются выводы о важности проведения аудита на предприятиях.

Статья посвящена международному опыту проведения социального аудита, в которой выделяются основные принципы и методы. Также анализируется применение стандартов социального аудита, инструментов и методов их применения, а также роль заинтересованных сторон.

Он позволяет объективно оценить насколько деятельность соответствует общественным интересам и ожиданиям, а также выявить области для улучшения.

В Республике Казахстан социальный аудит находится в стадии активного формирования, что свидетельствует о растущем осознании значимости корпоративной социальной ответственности и прозрачности в бизнес-практике. Несмотря на начальный этап развития, уже реализован ряд важных инициатив, направленных на повышение эффективности и прозрачности деятельности организаций.

Социальным аудитом является комплексная деятельность, которая включает в себя оценку деятельности организации, подготовку отчетности и внедрение мер по улучшению функционирования и стиля работы. Главная задача социального аудита заключается в измерении влияния организации на общество в целом, что дает возможность оценить степень ее социальной ответственности как корпорации.

В статье подчеркивается важность социального аудита для организаций, которые стремятся к динамичному развитию. Внедрение социального аудита создаст уровень социальной ответственности и позитивное влияние на общество.

Социальный аудит помогает выявить проблемные зоны в работе предприятия, связанные с социальными и экологическими аспектами. Это позволяет разработать эффективные меры по улучшению ситуации и свести к минимуму возможные риски.

Ключевые слова: социальный аудит, предприятие, корпоративная ответственность, человеческие ресурсы, процедуры.

SOCIAL AUDIT IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: PROBLEMS AND PROSPECTS

Saktaганова Akmaral Bakytovna

*Doctoral student of Eurasian National University named after L.N. Gumilyov;
Astana c., Republic of Kazakhstan; e-mail: Aridnis@mail.ru*

Akhmetov Yerik Bulatovich

*Master of Legal Sciences, Head of the Department of Constitutional,
Administrative Legislation and Public Administration of the Institute
of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan;
Astana c., Republic of Kazakhstan; e-mail: Ahmetov.er-0507@mail.ru*

Abstract. This article explores the contemporary landscape of social auditing. Research paper examines international best practices in social auditing, and analyzes the key elements shaping social auditing's developing in the Republic of Kazakhstan. Making conclusion that conducting social audits within enterprises is essential.

The article examines the international experience of social audit, highlighting the key principles and practices. In particular, the following are analyzed: social audit standards, methods and tools, the role of stakeholders. Social audit is a systematic process of evaluating and measuring the social impact of an organization, project, or program. It allows you to objectively assess how activities meet public interests and expectations, as well as identify areas for improvement.

Social audit is in the stage of active formation, which indicates a growing awareness of the importance of transparency in business practice. Despite the initial stage of development, a number of important initiatives have already been implemented aimed at improving the efficiency and transparency of organizations' activities.

Social audit is a complex process that includes assessment, reporting and implementation of measures to improve the functioning and working style of the organization. Its key goal is to measure the impact of an organization on society as a whole, the degree of its corporate social responsibility.

The article highlights the value of social audit for organizations striving for sustainable development. Its implementation will increase the social responsibility and create a positive impact on society.

Social audit helps to identify problem areas in the company's work aspects. This allows us to develop effective measures to improve the situation and minimize possible risks.

Keywords: social audit, enterprise, corporate responsibility, human resources, procedures.

DOI: 10.52026/2788-5291_2024_79_4_282

Кіріспе

Әлеуметтік аудит қазіргі заманғы ғылым мен әлемдік нарықтық экономиканың қоғамдық практикасы саласындағы мүлдем жаңа құбылыс екенін атап өткен жөн. Әлеуметтік аудит-бұл бағалауды жүзеге асыратын, белгілі бір ұйымның жұмысының тиімділігін, оның стилін арттыратын процесс.

Қауіпсіз еңбек мәдениеті бүгінде жаяндық трендке айналды. Еңбек қауіпсіздігін жоғары бағалайтын елдердегі жұмыс жағдайлары оларды әлемдік нарықта бәсекеге қабілетті етеді.

Қазіргі жағдайда, әсіресе қаржылық дағдарыс кезінде, жалпы әлеуметтік аудитке деген көзқарас бір қатарлы емес. Бір жағынан, қазіргі экономикадағы дағдарыстық құбылыстардың дамуымен кәсіпорындар мен ұйымдардың алғашқы қадамы шығындарды, ең алдымен адам ресурстарын азайту болып табылады. Осы әлеуметтік аудит іс-шарасына сүйене отырып, ұйымның әлеуметтік ортасын және адам ресурстарын пайдалану тиімділігін зерттеуге және бағалауға бағытталған кәсіпкерлерге осы саладағы қосымша шығындар ұсынылады. Екінші жағынан, бұл кәсіпорынның адам ресурстарын пайдаланудың барлық көрсеткіштерін оңтайландырудың экономикалық негіздемесі болып табылатын персонал аудитінің нәтижелері. Осылайша, кәсіпорынның әлеуметтік саласындағы аудит нәтижелері бойынша басшылық персоналдың санын, құрылымын, сапалық сипаттама-

ларын және адам ресурстарына шығындарды оңтайландыруға бағытталған барабар және негізделген шараларды қолдана алады.

Материалдар мен әдістер

Жалпы ғылыми және арнайы құқықтық әдістер болып табылады.

Нәтижелер және талқылау

Бұл ұйымның әлеуметтік жауапкершілігін тереңірек зерделеуге және оның жұмыс істеу сапасын арттыруға септігін тигізеді. Әлеуметтік аудиттің маңызды артықшылығы адамдарға деректі қолдау көрсетуге, қодауларды және келесі төлемдерді бақылау үшін көмектеседі [1, 43 б.].

Қазақстандық теория мен практика үшін «Әлеуметтік аудит» ұғымы салыстырмалы түрде жаңа болып табылады. Мысалы, XX ғасырдың ортасынан бастап шетелде аудиттің бұл түрі өнеркәсіптің, құрылыстың және т.б. түрлі салалардың ұлттық кәсіпорындарында, сондай-ақ трансұлттық корпорацияларда кең таралды. Адами ресурстарды басқару және әлеуметтік аудит саласындағы зерттеушілер аудиттің бұл түрі күрделі басқару құрылымы бар кәсіпорындарда сұранысқа ие екенін атап өтті [1, 44 б.].

Жалпы алғанда, әлеуметтік аудит дегеніміз-компанияға оның қызметінің профиліне байланысты әлеуметтік, экономикалық және экологиялық мәселелерді шешуге қосқан үлесін бағалауға және көрсетуге мүм-

кіндік беретін іс-шаралар кешені болып табылады [1, 44 б.].

Айта кету керек, әлеуметтік аудит белгілі бір зерттеу критерийлерінен тұрады, мысалы:

1) Компания қызметінің тиімділік көрсеткіштерінің түрі зерттеледі [2].

Әлеуметтік аудит әлеуметтік-экономикалық қатынастарды реттеудің тиімді құралы ретінде қызмет етеді.

Осының арқасында ол қазіргі нарықтық экономика жағдайында өндірістің шешуші факторы болып табылатын адам ресурстарын басқару деңгейін айтарлықтай арттыра алады [2, 304 б.].

Әлеуметтік аудит ұзақ мерзімделуден йеді [3, 131 б.]. Компаниялардың қоғам алдындағы жауапкершілігі, игілікті әрекеттері және этикалық тұрғыдан дұрыс қатынастары қызметкерлердің сенімін арттырады және олардың жұмысқа деген құлшынысын күшейте [3, 132 б.].

Соңғы екі онжылдықта адамның өндірістегі рөлінің маңыздылығы арта түсті [4].

Әлеуметтік аудит саласындағы танымал сарапшы профессор А. Шулуc қарастырылып отырған тұжырымдаманың нақты анықтама-сын береді. Оның пікірінше, әлеуметтік аудит - бұл әртүрлі деңгейдегі (корпоративтік, муниципалдық, салалық, аймақтық, ұлттық) әлеуметтік қатынастардың жай-күйін жан-жақты және объективті бағалау тәсілі болып табылады, бұл әлеуметтік климаттың нашарлауының ықтимал қауіптерін анықтауға, адами ресурстардың даму резервтерін ашуға мүмкіндік береді [5, 44 б.].

Біздің ойымызша, әлеуметтік аудиттің осындай түсіндіруінің негізгі мәселесі бұл ұйымның әлеуметтік ортасының жай-күйіне сыртқы тексеруді білдіреді. Қазіргі заманғы кәсіпорын, тіпті ірі кәсіпорын, екі негізгі себеп бойынша мұндай тексеруді өз бетінше жүргізе алмайтындығына байланысты:

1) Біріншіден, кәсіпорында өмірдің барлық бағыттары бойынша кешенді тексеру жүргізуге қабілетті жоғары білікті мамандардың болмауына байланысты;

2) Екіншіден, кәсіпорын күштерімен жоғары еңбек шығындары, уақыт пен ресурстардың шығындарына байланысты толық тексеру жүргізудің экономикалық тиімсіздігіне байланысты [5, 44 б.].

Сонымен қатар, кәсіпорын күштерімен адам ресурстарына аудит жүргізу кезінде тәуелсіздік қағидатын толық сақтауда белгілі бір қиындықтар орын алады.

Біздің пікірімізше, жоғарыда аталған мәселелерді шешуге тұтастай алғанда әлеуметтік аудитті сыртқы ұйымдар жүргізетін

сыртқы әлеуметтік аудитке және кәсіпорынның өзі жүргізетін персоналдың ішкі аудитіне нақты бөлуі ықпал етеді.

Әлеуметтік аудиттің тиімділігі кәсіпорынның операциялық шығындарының төмендеуімен және беделінің артуымен байқалады [6, 97 б.].

Айта кету керек, кез-келген тексеру үшін, оның ішінде персонал үшін жүргізілетін аудиттің мақсатын тұжырымдалуы қажет. Біздің ойымызша, әлеуметтік аудиттің мақсатының негізінде келесі ішкі мақсаттарға бөліп көрсетуге болады:

1) кәсіпорынды басқарудың барлық деңгейлерінің тиімділігін қамтамасыз ету;

2) қызметкерлерге лауазымдық міндеттерін тиімді орындау үшін көмек көрсету;

3) әкімшіліктің мүдделерін қорғауға жәрдемдесу және персоналды басқарудағы ағымдағы проблемаларды жедел анықтау;

4) кәсіпорындағы еңбек туралы ережелердің еңбек туралы заңнамаға сәйкестігі [6, 99 б.].

Жұмысшылардың жиі ауысуы кәсіпорынның тиімділігін, өнімділігін және тұрақтылығын төмендетеді. Әлеуметтік аудит осы проблеманы шешуге бағытталған тиімді құрал болып табылады [7].

Кадрлар айналымы - кәсіпорындар үшін маңызды мәселе. Осы мәселені шешу үшін кәсіпорындар жұмыс жағдайларын жақсартуға, жалақыны көтеруге, жұмысшылардың дамуына қолдау көрсетуге және кәсіпорын мәдениетін жақсартуға бағытталған шараларды қабылдауы қажет. Сонымен қатар, кәсіпорындар әлеуметтік аудитті жүргізіп, жұмысшылардың қанағаттану деңгейін оқып білуі қажет. Бұл оларға кадрлар айналымының негізгі себептерін анықтауға және оларды шешу үшін тиімді шаралар қабылдауға мүмкіндік береді [7, 126 б.].

Жұмыс ортасын жақсарту қызметкерлердің өнімділігін арттыруға, қанағаттанушылықты жоғарылатуға және кәсіпорынның жалпы жетістіктеріне ықпал етеді. Кәсіпорындар жұмыс ортасын жақсарту үшін жоғарыда келтірілген шараларды қолдана алады. Бұл оларға кәсіпорынның тиімді жұмыс істеуіне және тұрақты дамуына көмектеседі.

Жалақы және ынталандыру жүйесін жетілдіру. Әлеуметтік аудит жұмысшылардың еңбек ақысы және ынталандыру жүйесінің тиімділігін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл жұмысшылардың мотивациясын арттыруға және оларды ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Мүмкіндіктерді жасау жолдары. Әлеу-

меттік аудит кәсіпорынның жұмысшыларға кәсіби даму мүмкіндіктерін ұсыну деңгейін бағалауға мүмкіндік береді. Бұл жұмысшылардың дағдыларын арттыруға және қызмет бойынша өсу мүмкіндіктерін жасауға көмектеседі [7, 127 б.].

Олар тек өнімдер мен қызметтер ұсынумен шектелмей, қоғамдық және экологиялық жауапкершілікті де мойындауға тиіс. Сарапшылардың пікірінше, кәсіпорындар тек сапалы өнім шығарумен ғана шектелмей, әлеуметтік тұрақтылыққа және тұрақты дамуға ықпал етуге міндетті [8, 86 б.].

Кәсіпорындардың әлеуметтік жауапкершілігі келесі бағыттарды қамтиды:

1) Қоршаған Ортаны Қорғау: Қоршаған ортаны ластауды азайту, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану, тұрақты дамуға бағытталған технологияларды енгізу.

2) Еңбек Қатынастары: Жұмысшылардың құқықтарын, қауіпсіздігін және денсаулығын қорғау, әділ еңбек жағдайларын қамтамасыз ету, жұмысшыларды дамытуға инвестиция салу.

3) Этикалық Міндеттемелер: Этикалық принциптерді сақтау, заң нормаларын орындау, ашық және әділ бәсеке жағдайларын қалыптастыру [8, 87 б.].

Тәжірибеден мысал ретінде, «АСКАД» ЖШС кәсіпорнында әлеуметтік аудит жүргізу тәжірибесін келтірейік.

«АСКАД» ЖШС-де жүргізілген әлеуметтік аудиттен кейін ұйымның өз қызметін неғұрлым табысты жүзеге асыратын бірқатар кемшіліктері анықталды. «АСКАД» ЖШС-де персоналдың бейімделу жағдайын талдаудан қазіргі уақытта кәсіпорында бейімделу процесін реттейтін бірде-бір құжат жоқ екенін көруге болды. Жаңа қызметкерлермен жүргізілетін бейімдеу жұмыстары жүйелі сипатқа ие емес және ресми болып табылады.

Әлеуметтік аудиттен кейін ұйымда бейімделуді тиімді басқару үшін қажетті құжаттаманы әзірлеу қажет деген қорытынды жасалды. Бастапқыда келесі нормативтік құжаттарды әзірлеу қажет:

1) Персоналды бейімдеу туралы ереже. Бұл кәсіпорындағы персоналды бейімдеуді басқару жүзеге асырылатын ұйымдастырушылық құжат. Оның негізінде персоналды бейімдеуді басқару әдістемесі жасалады;

2) Қызметкердің лауазымдық нұсқаулығы, оған бейімделуді басқару функциясы бекітілген [8, 90 б.].

«АСКАД» ЖШС үшін бейімделу процесін бағалау технологиясын жасау қажет. Ол бейімделудің белгілі бір кезеңіне жата-

тын іс-шаралар кешенін қамтитын үш үлкен кезеңнен тұрады.

Бастапқы бейімделу процедурасының нақты сипаттамасы, оны ресімдеу және енгізу «АСКАД» ЖШҚ-да жаңадан келген қызметкерлер арасында кадрлардың ауысуын азайтуға мүмкіндік береді [8, 90 б.].

Әлеуметтік аудиттің отаны АҚШ деп атауы керек. Өткен ғасырда Стэнфорд бизнес мектебінің экономика профессоры Теодор Ж.Крепс «Әлеуметтік аудит» ұғымын енгізді. Бірақ одан да маңыздысы, осы уақытта компаниялардың әлеуметтік рейтингтері үнемі анықтала бастады. Компаниялардың әлеуметтік рейтингтері (ең алдымен қайырымдылық көрсеткіштеріне негізделген) осы компаниялардың қоғам үшін рөлін көрсетуге шақырды [5, 68 б.].

1960-1970 жылдары өндіріс өсуінің жағымсыз әсерлеріне қатысты қоғамдық наразылық күшейе бастады. Барған сайын экономикалық өсу қоршаған ортаның ластануы, кемсітушіліктің барлық түрлері, өндіріс қауіпсіздігінің төмендеуі және тауарлар сапасының нашарлауы есебінен жүзеге асырылды.

АҚШ-та әлеуметтік аудит негізінен компаниялардың әлеуметтік жауапты мінез-құлқы оның негізгі бизнес көрсеткіштеріне қалай әсер ететініне назар аударады. Әлеуметтік аудит компаниялардың саясаты мен тәжірибесінен нақты шығындарды анықтайды және бұл көрсеткіштерді басқа компаниялардың көрсеткіштерімен (салалық немесе аймақтық негізде) және негізгі стейкхолдерлердің күтулерімен салыстырады. Бұл тәсіл өндірістік қызметтің туындысы ретінде шығындар туралы қалыптасқан идеядан ерекшеленеді [5, 67 б.].

Әлеуметтік менеджменттің англо-саксондық моделі экономикалық рационализммен, жеке бастаманы көтермелеумен, заңға бағынумен, азаматтық аскетизммен сипатталады.

Менеджменттің неміс моделінде ерекше белгілерді табуға болады: жалпыға бірдей танылған неміс педантикасы мен тәртіптілігі, жұмыс уақытын пайдалану дәлдігі және т. б.

Жапон менеджментінде конфуций тарихи дәстүрлері кеңінен және өте тиімді қолданылады: еңбекке құрмет, жасы үлкен, иерархиялық баспалдақтағы позициясы, ұжымдық жауапкершілік, келіссөздер мен компалар арқылы келісімге қол жеткізу [5, 67 б.].

Әлеуметтік жауапкершіліктің маңыздылығын қарастырайық:

- Бәсекеге қабілеттілік: Әлеуметтік жауапкершілікті арттыру кәсіпорынның бәсе-

кеге қабілеттілігін күшейтеді. Бұл тұтынушылардың сенімін арттырады, жаңа инвесторларды тартуға мүмкіндік береді және кәсіпорынның бейнесін жақсартыады.

- Қаржылық тұрақтылық: Әлеуметтік жауапкершілікті арттыру кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығын күшейтеді. Бұл инвестиция тартуды жеңілдетеді, тұтынушылардың лояльдылығын арттырады және ұзақ мерзімді тұрақты дамуға мүмкіндік береді.

- қоғамдық игілік: Әлеуметтік жауапкершілікті арттыру қоғамдық игілікке ықпал етеді. Бұл қоршаған ортаны қорғауға, еңбек қатынастарын жақсартуға, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге көмектеседі.

- этикалық міндеттемелер: Әлеуметтік жауапкершілікті арттыру кәсіпорынның этикалық міндеттемелерін орындауға ықпал етеді. Бұл қоғам мен мемлекет алдында сенімділікті арттырады [8, 87 б.].

Әлеуметтік климат - бұл жұмыс ортасының «рухы», ол қызметкерлердің бір-бірімен және басшылықпен өзара әрекеттесу тәсілін, көзқарастарын және жалпы сезімдерін сипаттайды. Ол жұмысшылардың мотивациясына, өнімділігіне, қанағаттануына, айналымына және тіпті кәсіпорынның беделіне тікелей әсер етеді [9, 146 б.].

Қорытынды

Жоғарыда айтылғандардан, егер кәсіпорында салықтық тексеруден өту керек болса немесе міндетті жыл сайынғы аудиторлық есепті тапсыру қажет болса, аудит жүргізу өте маңызды. Аудитті тәуелсіз үшінші тарап компаниясы жүзеге асырған жағдайда, сараптама процесінде табылған қателерді мемлекеттік бақылаушы органдардың қорытынды тексеруіне дейін уақтылы түзетуге болады.

Сонымен қатар, тәуелсіз жүргізетін аудиттің артықшылықтары үшінші тарап компания:

- Объективтілік: тәуелсіз аудит компанияның қаржылық жағдайы туралы объективті пікірге кепілдік береді [9, 146 б.].

Аудитті уақтылы жүргізудің арқасында мемлекеттік бақылаушы органдар өз тексе-

рулерін жүргізгенге дейін қателерді түзетуге болады. Бұл айыппұлдар, өсімпұлдар және теріс бедел сияқты жағымсыз салдардан аулақ болады.

Әлеуметтік аудиттің тиімділігін арттыру үшін мынадай шараларды қолдануға болады:

- Стандарттарды белгілеу: Әлеуметтік аудиттің стандарттарын белгілеп, оларды жүргізу процесін бірдейлендіру қажет.

- Тәуелсіздікті қамтамасыз ету: Әлеуметтік аудитті тәуелсіз сарапшылар жүргізуі қажет.

- Ашықтық пен транспаренттілікті қамтамасыз ету: Әлеуметтік аудит нәтижелері қоғамға ашық болуы қажет.

- Әлеуметтік аудит нәтижелерін қолдану: Әлеуметтік аудит нәтижелері кәсіпорынның әлеуметтік жауапкершілігін арттыру үшін шаралар қабылдау үшін қолданылуы қажет.

- Әлеуметтік аудит — кәсіпорындардың тұрақты дамуына және қоғаммен байланысын нығайтуға бағытталған маңызды құрал. Ол кәсіпорындарға әлеуметтік әсерін бағалауға, жаңа мүмкіндіктерді анықтауға және тұрақты дамуға қол жеткізуге мүмкіндік береді [9, 146 б.].

Әлеуметтік аудитті енгізу кезінде мемлекет ұлттық бизнестің әлеуметтік жауапкершілігінің параметрлерін анықтау үшін және осы саладағы үздік тәжірибені ілгерілету тетіктерін қалыптастыру жөнінде бастама көтеруі тиіс деп санаймыз.

Белгіленген әлеуметтік аудит мәселелерінің нақты шешімдері болуы мүмкін:

- әлеуметтік аудиттің негізгі мәселелері бойынша келісімге қол жеткізу мақсатында мүдделі топтарда диалог жүргізу;

- әлеуметтік аудит туралы Заңның қабылдануы;

- ұйымдардың әлеуметтік жауапкершілігінің бағалау көрсеткіштерінің жүйесін әзірлеу;

- халықаралық нормаларға қайшы келмейтін және отандық әлеуметтік-экономикалық қатынастардың ерекшелігін көрсететін әлеуметтік стандарттардың кешенді жүйесін әзірлеу.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кизилов А.Н., Богатая И.Н. Исследование экономической сущности социального аудита и его места в системе аудиторско-консалтинговых услуг // Научный журнал «Международный бухгалтерский учет». – 2016. – С.43-46.

2. Емелин Н.В. Социальный аудит в промышленности. // Экономика и управление: современное положение: IV междунар. молодеж. науч. конф.: (Социальный аудит мат, 22-23

ноября 2012 г.): материалы международной научно практической конференции. – Самара: Самарский гос. ун-т, 2012. – С.304-310.

3. Макарова Н.В. Социальный аудит как основа функционирования современных организаций // Актуальные вопросы вузовской наук: Сборник научных и научно-методических статей. Том Выпуск 9. – Самара: Самарский институт управления, 2014. – С. 131-140.

4. Антропов В.В. Социальная защита в странах Европейского союза // Москва.: ЗАО «Издательство «Экономика». - 2006. -115 с.

5. Шулуc A.A. Социальный аудит // Москва.: «Издательство «АТИСО». - 2018. - 91 с.

6. Мешков В. Р. Социальный аудит: российская практика // Научный журнал «Общество и экономика» - 2009. - № 6. – С.97-114.

7. Самойлова П. Первый социальный аудит // Научный журнал «Солидарность». - 2008. - № 47. - С. 126-129.

8. Хмелев С. А. Социальный аудит как фактор повышения эффективности финансово-хозяйственной деятельности крупных промышленных предприятий // Экономика и управление. - 2010. - № 1. – С.85-98.

9. Галиев Г.Т. Роль социального аудита в оптимизации социально-трудовых отношений // Евразийский юридический журнал – 2012- № 3 – С.146-147

REFERENCES

1. Kizilov A.N., Bogataya I.N. Issledovanie ekonomicheskoy sushchnosti social'nogo audita i ego mesta v sisteme auditorsko-konsaltingovykh uslug // Nauchnyy zhurnal «Mezhdunarodnyy buhgalterskiy uchët». – 2016. – S.43-46.

2. Emelin N.V. Social'nyy audit v promyshlennosti. // Ekonomika i upravlenie: sovremennoe polozhenie: IV mezhdunar. molodezh. nauch. konf.: (Social'nyy audit mat, 22-23 noyabrya 2012 g.): materialy mezhdunarodnoy nauchno prakticheskoy konferencii. – Samara: Samarskiy gos. un-t, 2012. - S.304-310.

3. Makarova N.V. Social'nyy audit kak osnova funkcionirovaniya sovremennykh organizacij // Aktual'nye voprosy vuzovskoy nauk: Sbornik nauchnykh i nauchno-metodicheskikh statej. Tom Vypusk 9. – Samara: Samarskiy institut upravleniya, 2014. – S. 131-140.

4. Antropov V.V. Social'naya zashchita v stranah Evropejskogo soyuza // Moskva.: ZAO «Izdatel'stvo «Ekonomika». - 2006. -115 s.

5. Shulus A.A. Social'nyy audit // Moskva.: «Izdatel'stvo «ATISO».- 2018. - 91 s.

6. Meshkov V. R. Social'nyy audit: rossijskaya praktika // Nauchnyy zhurnal «Obshchestvo i ekonomika» - 2009. - № 6. – S.97-114.

7. Samojlova P. Pervyy social'nyy audit // Nauchnyy zhurnal «Solidarnost'». - 2008. - № 47. - S. 126-129.

8. Hmelev S. A. Social'nyy audit kak faktor povysheniya effektivnosti finansovo-hozyajstvennoj deyatel'nosti krupnykh promyshlennykh predpriyatij // Ekonomika i upravlenie. - 2010. - № 1. – S.85-98.

9. Galiev G.T. Rol' social'nogo audita v optimizacii social'no-trudovykh otnoshenij // Evrazijskiy yuridicheskij zhurnal – 2012- № 3 – S.146-147.